

"Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 наурыздағы № 48 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 сәуірде № 6284 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 маусымдағы № 140 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 15.06.2016 № 140 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Балғарин

Әуликөл ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 17 наурыздағы
№ 48 қаулысымен бекітілген

"Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомствосы бар:

"Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 110400, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Әуликөл ауылы, Саржетім Қарабалуан батыр көшесі, 26.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілермен "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы Әуликөл ауданының аумағында халықтың өмір деңгейін және табысын, оның жұмыспен қамтылуын, әлеуметтік қорғалуын және әлеуметтік қызмет көрсетуін арттырудан тұрады.

15. М і н д е т т е р і :

1) Әуликөл ауданының мемлекеттік жұмыспен қамту саясатын және халықты әлеуметтік қорғауын іске асыру, оның дамуына жәрдемдесу;

2) табысы аз отбасылардың, жұмыссыз азаматтардың, ардагерлердің, мүгедектердің және мұқтаж азаматтардың басқа жекелеген санаттарының әлеуметтік қолдауын ұйымдастыру;

3) азаматтардың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде қолданыстағы заңнамада көзделген құқықтарын, олардың мүдделерін, мемлекеттік кепілдіктерін қорғау;

4) "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі басқару органы болып табылатын мекеменің қызметіне бақылауды жүзеге асыру;

5) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде х а л ы қ т ы а қ п а р а т т а н д ы р у ;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

16. Ф у н к ц и я л а р ы :

1) мемлекеттік әлеуметтік саясатты іске асыру;

2) бюджеттік қаражат қажеттілігін болжау және қолданыстағы заңнамаға сәйкес әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;

- 3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету;
- 4) "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер жөнінде жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау және к е ң е с б е р у ;
- 5) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және қажетті шаралар қ о л д а н у ;
- 6) есептілікті құру және тиісті мемлекеттік органдарға беру;
- 7) коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйымдармен өзара әрекеттесу;
- 8) "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін басқару органының функцияларын жүзеге а с ы р у ;
- 9) мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету;
- 10) қартайғандар, мүгедектер үшін, соның ішінде үйде күндізгі күтімдегі мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну;
- 11) қиын өмірлік жағдайда тұрған тұлғаға (отбасыға) арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету туралы шешім қабылдау;
- 12) кәмелетке толғандарға қатысты қамқорлыққа алу және қорғаншылық жөніндегі қызметтерді жүзеге а сы ру ;
- 13) еңбек нарығын талдау және болжау, еңбек нарығының жағдайы туралы тұрғындарға және жергілікті атқарушы органдарға ақпарат беру;
- 14) өтініш білдірген азаматтар мен жұмыссыздарға жұмыс алу мүмкіндігі туралы, ал жұмыс берушілерге – жұмыс күшімен қамтамасыз ету мүмкіндігі т у р а л ы а қ п а р а т б е р у ;
- 15) азаматтар мен жұмыссыздарға жұмыс таңдауда көмек көрсету, тұлғаларға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар б е р у ;
- 16) еңбек нарығы жөнінде мәліметтер банкін қалыптастыру;
- 17) азаматтарға және жұмыссыздарға кәсіптік бағдар жөнінде тегін қ ы з м е т т е р д і к ө р с е т у ;
- 18) қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұ й ы м д а с т ы р у ;
- 19) қолданыстағы заңнамаға сәйкес халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- 20) қолданыстағы заңнамаға сәйкес, еңбек нарығының қажеттілігіне сәйкес жұмыссыздарды және азаматтарды кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін а р т т ы р у д ы ұ й ы м д а с т ы р у ;
- 21) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім

берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері санынан тіркелген жұмыссыздарға жастар практикасын ұйымдастыру;

22) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік бөлігін орындау;

23) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соларға теңестірілген тұлғаларға санаторий–курорттық емдеуге құжаттарды ресімдеу;

24) 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырға дейінгі кезеңде кемінде 6 ай жұмыс істеген тұлғалардың жұмыс өтілін белгілеу үшін арнайы комиссияның жұмыс органы функцияларын жүзеге асыру;

25) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу үшін арнаулы комиссияның жұмыс органы функцияларын жүзеге асыру. Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендерге жеңілдіктер мен кепілдіктерге құқығын растайтын куәліктерді алу және беру;

26) тұрғын-үй және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету;

27) 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға жәрдемақы тағайындау;

28) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан, басқа да ұйымдар мен азаматтардан сұрату, "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне қатысты мәселелерді дайындауға мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың қызметкерлерін тарту, тиісті ұсыныстарды өңдеу үшін уақытша жұмыс топтарын құру;

2) Президенттің, Үкіметтің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сонымен қатар әкім мен аудан әкімдігінің актілері мен тапсырыстарын сапалы, мерзімінде орындау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшылықты "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік

мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес аудан әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік және басқа органдарда "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүддесін ұсынады;

2) "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады және "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады;

3) "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені және "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымын және штаттық қызметкерлер саны бойынша ұсыныстарды әзірлейді, еңбекақы төлемі қорын үнемдеу шегінде мемлекеттік қызметшілерді материалдық ынталандыруды (сыйақы) белгілейді;

4) "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

5) "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметшілерінің міндеттері мен өкілеттігін анықтайды;

6) "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызмет туралы заңының орындалуын бақылайды;

7) жеке және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдауды жүзеге асырады;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар өткізеді, сол үшін дербес жауапты болады;

9) өз құзіреті шегінде гендірлік саясатты іске асырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның құзіретіне

жататын мәселелер бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға
о р ы н д а й д ы .

22. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы өз орынбасарының өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай - ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық
м е н ш і к к е ж а т а д ы .

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Әуликөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзгедей тәсілмен билік
е т у г е қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес асырылады.